
РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ
ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2026

255,6
МЛРД ТГ



121,8%
ИФО

$108,6
МЛН



ЭКСПОРТ




РЫНОК

$808,5
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2026 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, *МЛН ТЕНГЕ*

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г.Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz

Қаңтар–маусым 2026 жылғы резеңке және пластмасса өнімдері

2026 жылғы қаңтар–маусымда өндіріс көлемі ақшалай мәнде **255,6 млрд теңгені** құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен **15,3%-ға жоғары**.

Талданып отырған кезеңде резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінің негізгі үлесін пластмассадан жасалған тақталар, табақтар, құбырлар мен профильдер – **42,5%**, құрылысқа арналған пластмасса бұйымдары – **22,3%**, өзге де пластмасса бұйымдары – **17,1%**, тауарларға арналған пластмасса қаптамалар – **10,3%**, өзге де резеңке бұйымдары – **5,5%**, резеңке шиналар – **2,3%** құрады. Нақты көлем индексі (НКИ) **121,8%** болды.

Резеңке және пластмасса өнімдерінің экспорт көлемі 2026 жылғы қаңтар–мамырда 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда заттай мәнде **26,2 мың тоннаны** *(2025 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда -6,7%)*, ақшалай мәнде **108,6 млн АҚШ долларын** *(2025 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда -17,4%)* құрады. 2026 жылғы қаңтар–мамырда резеңке және пластмасса тауарларының негізгі көлемі **Ресейге (56,2%)**, **Өзбекстанға (14,8%)** және **Қырғызстанға (14,5%)** экспортталды.

Резеңке және пластмасса өнімдерінің импорт көлемі 2026 жылғы қаңтар–мамырда 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда заттай мәнде **295,9 мың тоннаны** *(2025 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда +0,8%)*, ақшалай мәнде **808,5 млн АҚШ долларын** *(2025 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда -11,4%)* құрады. 2026 жылғы қаңтар–мамырда резеңке және пластмасса тауарлары импортының негізгі көлемі **Қытайдан (33,2%)**, **Ресейден (29,8%)** және **Германиядан (4,1%)** жеткізілді.

Резеңке және пластмасса бұйымдары нарығының көлемі 2026 жылғы қаңтар–мамырда **1 126,7 млн АҚШ долларын** *(547,9 млрд теңге)* құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **0,9%-ға төмен**. **Отандық тауар өндірушілердің үлесі 37,9%** болды. Импорттық өнімнің үлесі 62,1%-ды құрады.

2026 жылғы қаңтар–маусымда резеңке және пластмасса бұйымдарын өндірудің ең жоғары көлемі **мына өңірлерде байқалды**: Алматы облысы (19,9%), Астана қаласы (16,9%), Қарағанды облысы (13,6%), Алматы қаласы (12,0%), Шымкент қаласы (9,0%).